

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

Дэвид Юм: эмпирикалық растау

3-тарау. Жаңа дәуір философиясы.
Ағартушылық философиясы



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін
Тарау: 3. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философиясы
Дәріс: 16. Дэвид Юм: эмпирикалық растау

Жаңбыр жауып тұрғанын қайдан білесіз? Терезеге қарайсыз. Жұмысқа барар жолдағы қозғалыстың қиын екенін кімнен естідіңіз? Радиодағы хабарламадан құлағыңыз шалды. Ал олар қайдан біледі? Олардың ақпарат табатын арнайы адамдары бар. Өзгеріс бола қалса, сізді лезде хабардар етеді. Ол адамдар өзгерістерді қайдан біледі? Олар бақылап отырады.

Ақылға сала келе сіз қоршаған дүниені ұғынудың мұндай жолы ұзақ уақыт бойы танымның қарапайым тәсілі ретінде қарастырылды деп түйер едіңіз. Тіршілікте маңдайын тауға да, тасқа да соғып жүріп жол табатын адамды көбіне тұрпайы эмпирик деп атаған. Ал қазір танымның мұндай тәсілін білімге апаратын жалғыз жол ретінде қарастырушылар аз емес. Осындай әдіспен жиналған мәліметтерді ғана білім деп атауға болады екен. Сонда әу бастағы көзқарастар қалайша өзгеріп кетті? Бұл үшін біз Дэвид Юмнің атына мадақ айтуға немесе айыптауға тиіспіз. Дерек Джонстон кітабының Дэвид Юмға арналған тарауы осы сөздермен басталады.

Өмірі

Дэвид Юм Эдинбург қаласында дүниеге келді, өмірінің көп бөлігін де сонда өткізді. Алайда ол біраз уақыт шетелде, негізінен, Францияда оқып, жұмыс істеді және Француз Ағарту дәуірінің көптеген өкілдерімен танысты.

Отбасы мүшелері Юмді заңгер етуге тырысты, бірақ ол әдебиетке, сондай-ақ «философияға және жалпы ілімдерге» көбірек қызықты. Әйтсе де күн көру де керек еді, сондықтан ол Бристоль қаласында кәсіпкерлікпен айналысты. Ол бұл салада онша табысты болмады, сондықтан ол кәсібін тастап, Францияға кетті де, өмірін әдебиетке арнамақ болды.

Ақшасы болмағандықтан, жұпыны өмір сүрді. Сол Францияда 1737 және 1743 жылдар арасында Юм өз еңбектерінің ішіндегі ең атақтысын – «Адам табиғаты туралы трактатты» жазды. Бірақ бұл еңбек «баспадан шыққан сәттен-ақ өлі туғандай» еді, тіпті «өзін жақтаушылардың ортасында тілге тиек етуге де жарамады». Жас Юм кітап өз сыншыларын табады, әсіресе діни консерваторлар үнсіз қалмайды деп үміттенді. Аяусыз сынға өткір тойтарыс беруді жоспарлап қойған еді, бірақ оның жұмысын ешкім де елең қылған жоқ.

1737 жылдан 1746 жылға дейін Юм үйінде анасымен, інісімен және әпкесімен бірге тұрды. Осы уақыт ішінде ол «Моральдық және саяси очерктер» жазып, жариялады. Бұл кітап алдыңғысынан табыстырақ болды. Осыдан әсерленіп, шабыттанған ол бұрынғыға қарағанда танымал бола түсер деген үмітпен бірінші кітабын қайта жазып шықты.

Юм Эдинбург университетінің этика профессоры атағын алуға өтініш берді, шамасы, атеистік көзқарастары үшін болар, оның кандидатурасы қабылданбады.

Ол жеке репетитор да болды, кейін шетелде жеке хатшы болып та жұмыс істеді. Оның алғашқы кітабы қайта жазылып, «Адам түсінігі туралы зерттеулер» деген басқа атаумен (қазір де солай аталады) әр тарауы бөлек жарияланды. 1751 жылы «Мораль принциптері туралы зерттеу» деп аталатын кітабы жарық көрді. Шын мәнінде, бұл кітап «Адам табиғаты туралы трактаттың» қайтадан жазылған үшінші бөлімі болатын. Келесі жылы «Саяси әңгімелер» еңбегі жарыққа шықты. Юмнің беделі қайтадан қалпына келді. 1752 жылы Эдинбургтегі Адвокаттар факультетінің кітапханашысы болды. Әпкесі екеуі қалада үй тұрғызды. Көп ұзамай Англия тарихына арналған еңбегін жазуды бастады. 1763 жылдан 1766 жылға дейін Париждегі Британ елшілігінің хатшысы қызметін атқарды. Мұнда ол энциклопедистермен араласты.

Лондонға әйгілі Жан-Жак Руссомен бірге оралды. Алайда ол Руссомен тіл табыса алмады, сөйтіп екеуінің татулығы ұзаққа барған жоқ. 1767–1769 жылдар ішінде Юм Лондонда саясатқа да әжептәуір араласып көрді.

Өмірінің соңына қарай, ол Эдинбургке оралып, 1776 жылы сонда қайтыс болды. «Табиғи дін туралы сұхбаттар» ол дүниеден өткен соң жарық көрді.

Өмірбаянында өзін «сабырлы, өктем мінезді, ашық, көпшіл, көңілді, өзіне сенімді, дегенмен тез қылт ете қалатыны да бар және ұстамды» адам ретінде сипаттаған. Ол: «Бойымды билеген әдеби даңққа деген құмарлық, сол жолда қанша сүрініп жатсам да, мінезімді ешқашан бұза алмайды», – деп жазды.

Осы кезеңде Эдинбург Ренессанс дәуіріне қадам басты. Қала түгел дерлік қайта салынды деуге болады. Көшелері көркем де кең бола түсті, келісті ғимараттары мұқият қадағаланған



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін
Тарау: 3. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философиясы
Дәріс: 16. Дэвид Юм: эмпирикалық растау

мінсіз ретпен орналастырылды. Ол ескі қалада тұрды, қазір оның үйінің жанында орналасқан мүсіні маңайындағы көшелерді көзбен шолып тұрғандай.

Юм – Шотланд Ағарту дәуірінің басты қайраткерлерінің бірі болды. Оның есімі он сегізінші ғасырдағы Шотландияның қайта өркендеу, рухани жаңару, ақыл-ойдың оянуы және білім беруді дамыту кезеңімен үндес.

Ойлары

Юм өзінің эмпирикалық теориясын ақырына дейін жеткізді және Бертран Расселдің пікірі бойынша, «ішкі үйлесімін сақтай отырып, тамаша түзіп шықты». Эмпирикалық философия біздің қабылдауымызға, біз түйсінетін нәрселерге, яғни біздің сезім мүшелеріміз арқылы қабылданатын ақпаратқа назар аударады.

Ол эмпирикалық әдісін этикалық және гуманитарлық ғылымдар салаларында қолдануға тырысты. Осы әдістің көмегімен математика, физика және гуманитарлық ғылымдардағы адам танымының шегін анықтау мүмкін болады деп үміттенді. Юм адамның ойлауына қатысты жалпы заңдарды аштым деп пайымдады.

Әсерлер мен идеялар

Ғалым түйсінудің екі түрін анықтады: әсерлер және идеялар.

- Әсерлер өте күшті және жарқын бояулы.
- Идеялар – осы әсерлердің ойлау мен түсінуде бейнеленетін әлсіз жаңғырығы ғана.
- Қарапайым идеялар қарапайым әсерлерден туындайды және оларға өте ұқсас болады.
- Күрделі идеялардың әсерлерге ұқсауы міндетті емес.

Юмнің түсінігі бойынша, абстрактілі немесе жалпы идеялар – шын мәнінде, өздеріне неғұрлым ауқымды мән беретін белгілі бір ұғымға жататын жеке идеялар. Абстрактілілер жеке идеялардан басталады. Біз әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып қарастырғанда ғана олар жалпыға айналады. «Ит» деген абстрактілі немесе жалпы идеяны біз қалай тұжырымдаймыз? Ойлау процесін қандай да бір итті, содан соң келесі есік алдындағы итті, көшені кесіп өтіп бара жатқан итті көруден бастаймыз. Нәтижесінде, ойлау процесімізді жалпы «ит» идеясымен аяқтаймыз: жеке идеялар өздеріне ауқымдырақ мағына беретін нақтыға қосылады. Еске түсіру мен елестетудің көмегімен идеяларды сақтаймыз және ретке келтіреміз. Елестетудің жұмысы кездейсоқ емес. Не нәрсені де біз белгілі бір ретпен елестетеміз. Өзіміз қарастырып отырған идеялардың ұқсас немесе әртүрлі екенін түйсігімізбен сезінгенде өзімізге сенімді бола түсеміз. Сонымен қатар бірқатар интуициялық ой-тұжырымдарды біріктіру кезінде де сенімге арқа сүйейміз. Математикамен шұғылданғанда біз сөйтеміз.

Білім және ықтималдық

Юм ілімінің ең маңызды бөлігі білім мен ықтималдықты қарастыруға кіріскенде, пайда болды. Ықтималдық – эмпирикалық ақпарат негізінде туындайтын, белгісіз, тексерілмеген, сенімсіз ойлар тізбегінің көмегі арқылы пайда болатын білім. Тікелей бақылау арқылы алынған мәліметтерден басқасының бәрі, логика мен математика осы категорияға – ықтималдылар қатарына жатады. Юм «ықтимал» білімге сенді.

Ол философиялық қатынастардың жеті түрі бар деп есептеді. Олардың кейбірі тек идеяларға негізделген, демек, белгілі, дәл білім береді: ұқсастық, қайшылық, қасиеттері әртүрлі дәрежелер, сапалық немесе сандық қатынастар. Кейбір философиялық қатынастар тікелей идеяларда болатын өзгерістерге қарамастан түрлене алады. Олар тек ықтимал білімдер ғана береді. Бұл топқа тепе-теңдікке, себептілікке және кеңістік пен уақытқа қатысты қатынастарды жатқызу қажет.



Себептілік

Юм философиясының бүкіл мәнін және оның ішкі үйлесімділігіне сенудің неге қиын болғанын оның себепке деген көзқарасынан көреміз.

Аристотельде, схоластар мен Декартта себеп пен салдар арасындағы байланыс логикалық байланыс сияқты қажетті, міндетті деп саналды. Дэвид Юм шын мәнінде себептілік туралы заманауи түсініктердің негізін салушы болды. Ол себеп пен салдарды түсіну мен пайымдаудың көмегімен емес, тек тәжірибе арқылы ғана біле аламыз деді. Мысалы, сіз футбол ойнап жатқанда қақпаға жетеді деген үмітпен допты тебесіз және сол арқылы оның белгілі бір қашықтыққа дейінгі қозғалысын тудырасыз. Сіз өз аяғыңызды доптың мақсатқа қарай қозғалысының себебі ретінде қарастырасыз ба? Юм бұл сұраққа «жоқ» деп жауап берер еді. Демек, сіз көріп отырған жайт себептілік емес. Сіз тек екі түрлі нәрсені ғана көріп отырсыз және де бірі екіншісінен туындайды:

1. Аяқ допты тебеді.

2. Доп мақсатқа қарай ұшады. Сіз өзара байланысты, бірге өмір сүретін, бірінен екіншісі туындайтын идеяларды ғана ұғынасыз.

«Бұл жүйеде басқа да нәрсе бар екенін сезесіз. Бірақ сол «нәрсені» қалай дәлелдейсіз? Қажетті байланысты сезінбесеңіз, сіз сол себептің бар екеніне соншалықты неге сенімдісіз?» – деп сұрақ қояды Джонстон.

Себеп ұғымын түйсікпен қабылдауға болмайды, ол айқын емес. Сонымен қатар, оны нақты, көрнекі түрде көрсете алмаймыз. Оқиғалар туралы ойланғанда, біз оларды қандай да бір нәрсенің себебі ретінде қарастырмаймыз. Оқиғалар туралы оларды тудырған себептерді негізге ала отырып ойлау міндетті емес. Егер біздің санамыз да «оқиғалар себепсіз туындайды» деген сенім берік қалыптасса, іс жүзінде де солай болуы әбден мүмкін.

Неге жеке себептердің жеке салдарлары бар? Біздің себептер мен салдарлар арасындағы байланыс туралы ойларымыз сезім мүшелерінің көмегімен алынған әсерлерге және жадыға негізделеді. Біз әлдеқандай екі оқиға бір-бірімен белгісіз себеппен байланысып тұр деп жиі ойлаймыз. Юм болса, «себепті» ұғынғанда оның тек бір салдарын ғана қарастырып, басқаларын ескермеу қисынсыз деген қарсы пікір айтады.

«Себепті» анықтағанда түйсіну тәжірибесі рөл атқара ма? Егер ақыл-ой себепті ұғуға тырысса, біз маңызды принциптің – табиғаттың біркелкілігі принципін қызметі туралы болжам ұсынуға тиіспіз. Табиғаттың біркелкілігі принципі – заманауи ғылым постулаттарының бірі. Бұл принцип әрқашан, барлық жағдайда, кез келген халде жүзеге асырылады деп саналады. Алайда ол бұған ешқандай дәлел жоқ деген болар еді! Юм біздің ақыл-ойдың көмегімен алынған тұжырымдарға күмәнмен қарауымыздың себебі бар деп түйді.

Өзіндік мен деген жоқ

Ғалым «менде өз «менім» туралы ешқандай да әсер болған жоқ» деп тұжырымдады. Оның теориясы бойынша санасында өз «мені» идеясының болуы мүмкін емес еді. Қандай да бір объектілер немесе оқиғалардан хабардар болуы әсерлерден, демек, идеялардан туындайды. Бірақ өзі туралы әсерді оған сәйкес идеясыз санада ұстап тұрмақ болған әр талпынысы сәтсіз аяқталып отырды. Ол бірінен соң бірі белгілі ретпен қарқынды туындайтын идеяларды ғана ұғына алды, бірақ өз «мені» туралы әсерді ешқашан ала алмады. «Менді» түйсінуге, сезінуге болмайды, демек, бізде «мен» идеясының болуы мүмкін емес. Бірақ бұл бізді адам «менінің» бар екенін жоққа шығаруға жетелемеуі тиіс. Ол тек біздің «меннің» бар не жоқ екенін біле алмайтынымызды ғана білдіреді. Юмнің идеялары метафизиканың бар екені туралы болжам адамның жаңылысуы, иллюзия екенін дәлелдеу үшін жиі қолданылады.

Ол Батыс философиясын субстанцияның соңғы іздерінен құтқарғандай болды. Оған дейін де өзге философтар бұл ұғымға өздерінің қарсылығын білдіруге тырысты. Мысалы, Беркли. Алайда тек Юм ғана оны түпкілікті жоя алды. Көп адам «мен» ұғымының болмауы теологиядағы жан ұғымының жоғалуына әкеледі, білімді алу барысын зерттеу жолында субъект пен объект арасын алшақтату тіпті де міндетті болмаса керек деп есептеді.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін
Тарау: 3. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философиясы
Дәріс: 16. Дэвид Юм: эмпирикалық растау

Түйін

Юм өзінің философиялық зерттеулерін «ғылыми әдіс адамзатты ақиқатқа алып келеді» деген толық сенімнен соң бастады. Өзінің философиялық пайымдауын ол: «Білім – қашанда рационалды емес, яғни тиімсіз, сондықтан біз ештеңе білмейміз», – деп аяқтады.

Алайда оның тым күмәншілдігін іштей байламды деп қарастыруға болмайды. Егер адам бәріне күмәнданатын болса, онда ол өзін осы қорытындыға – қандай да бір білімнің жоқтығы туралы қорытындыға – жетелеген өз дәлелінің құндылығына да күмәндануы тиіс. Демек, ол «адам ештеңе білмейді» деген қорытындыға сенуге болмайды.

Индукция принципі дұрыс болса, әмбебап себептіліктің бар екені және белгілі бір себептер белгілі бір салдарлармен тығыз байланысты екені туралы айтқан пікіріміз дұрыс болуы мүмкін. Егер индукция принципі дұрыс болмаса, онда біз өзіміздің барлық эмпирикалық білімдерімізге күмәнмен қарауға тиіспіз.

Неге? Өйткені біз бір нәрсе туралы айтсақ, дүниенің біркелкілігі мен біртектілігін айғақтайтын заттардың арасындағы ұқсастықтарды айқындауға, модельдер мен үлгілер жасауға ұмтыламыз. Содан соң біз осы үлгілерге сүйене отырып, ықтимал ой-тұжырымдарды дәлелдейтін дәйектер ұсына алатынымызды атап көрсетеміз. Бірақ біз индукция принципінің дұрыстығын алдын ала растамай жатып, оған сенім артамыз. Осы принциптің ақиқаттығын біз оның өзін қолданбай дәлелдеуіміз мүмкін емес сияқты. Бұл нұсқаулы дәйек деп аталады.

Юм индукция принципін жоққа шығарды. Бірақ бұл принципсіз бүкіл заманауи ғылымның болуы мүмкін емес. Ол өзінің көзқарастарын тым асыра бағалаған немесе барлық білімдердің шеңберін тікелей бақылаудың көмегімен алынғандарды ғана енгізумен тарылту арқылы тым шектеп жіберген сияқты. Бұл оны біз өз ізденістерімізде әрдайым қолданатын және жаңалықтар жасауға мүмкіндік беретін құралдардан бас тартуға мәжбүр етті.

Юмнің эмпирикалық философиясының дұрыстығын және іске асатынын анықтау үшін сіз мына бірқатар мәселелерді қарастыруыңыз қажет:

- Адам қандай білімді тікелей бақылаудың көмегімен ала алады?
- Қандай білімдер тікелей бақылаудан басқа да нәрселерді талап етеді? – Индуктивті ойлау қай салада пайдалы болар еді?
- Дедукция қаншалықты маңызды?
- Ұсынылған гипотезаны қарастырғанда дедуктивті дәлелдерді қалай қолдануға болады?

Одан кейін индуктивті әдістің логикасын және ғылымның философиясын ақтап алу қажет болды. Осы мәселелерді шешудің жолдарын көп ойшыл іздеді, әйтсе де Дэвид Юм ұсынған дәлелдер иланымдырақ болды.

Қорытынды

Ғалымның ойлау тәсілі мүлде өзгеше. Оның эмпирикалық ұстанымы қарапайым: бұрынғы классикалық философиялық жүйелердің бәрі Құдайдың бар екені және оның құдіреттігі туралы болжамдарға негізделді. Эмпириктер классикалық метафизиканың астындағы теологиялық кілемді суырып алып, кейін оны қайта орнына қойып, бүкіл құрылымның біржола қирауын күткен секілді болды.

Олар бүкіл білімді тәжірибемен негіздеді. Біз өзімізді қоршаған дүниедегі қандай да бір объектіні сезім мүшелерімізбен сезінгенде ғана мәлімет ала аламыз. Юмнің осы теорияны себеп идеясына айналдыруы қисынсыз болды. Біз мұны оның тұжырымдарын ғылыми тәжірибелердің нәтижелерімен салыстырғанда байқай аламыз; бұл тұжырымдар өзі сынға алған сол теорияның негізінде жасалған.